

Ресми рецензент, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.Н. Сүлейменованың «БД011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Акажанова Алмагуль Аманжоловнаның «Қазақ ұлттық ойындары арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік негіздері» тақырыбындағы

диссертациясына
ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (Бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	Диссертант А.А. Акажанованың «Қазақ ұлттық ойындары арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік негіздері» тақырыбындағы зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамыудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысы), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамыудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамыудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және басқа да құжаттарда көрсетілген ұстанымдарға сәйкес келеді. «БД011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. Диссертация қазақ тілі сабақтарында ұлттық ойындарды қолдану арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік жүйесін әзірлеуге бағытталған және оның оқыту үдерісінде тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеп, зерттеп-зертделуге арналған. Зерттеу жұмысының тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі жағынан талаптарға сай.

	<p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Диссертация 8D017-Тідер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (БД011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағытының білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған. Білім және ғылым саласындағы зерттеулер бағытына сәйкес орындалған. Зерттеу жұмысы мемлекеттік бағдарламаларда көрсетілген басымдықтарға сәйкес келеді: «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер». «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер».)</p>
<p>2.</p> <p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p><u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыс мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелерінің біріне құрылған. Ғылымға елеулі үлесін қосады, оның маңыздылығы ашылған. Зерттеуші қазақ ұлттық ойындары негізінде мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік жүйесін айқындаған. Ұлттық ойындар арқылы қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін ұсына отырып, бәсекеге қабілетті тұлғаның рухани-адамгершілік жетілу динамикасын дамытуды көздеген. Диссертацияда тақырып бойынша анықталған оқушыларға берілетін білім мазмұны ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының этномәдени, салт-дәстүр ерекшеліктерін, рухани-моральдық құндылықтарын терең мәнгеруге мүмкіндік береді. Ұлттық ойындар арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың философиялық, психологиялық аспектілерін зерделеген, педагогикалық ұстанымдарын айқындаған, оқушылардың ұлттық ойлауы мен шығармашылық-логикалық қабілетін дамытудың тиімді әдістемесін ұсынған, бағалардың ұлттық-танымдық белсенділіктерін дамытағын оқыту технологиялары эксперимент жүзінде жүзеге асып, ғылыми-</p>

		<p>әдістемелік тұрғыдан тұжырымдалған.</p> <p>Өзі жазу деңгейі жоғары дәрежеде. Диссертант зерттеу тақырыбын жан-жақты, толық меңгерген. Ұлттық ойындардың қалыптасу тарихы мен дидактикалық маңызы, ұлттық ойындардың лингвомәдени ерекшеліктері мен дүниетанымдық мәні нақтыланған. Оқу үдерісінде ұлттық ойындарды тиімді қолдану арқылы тұлға дүниетанымын қалыптастырудың ғылыми негізі анықталған. Теориялық білім мен дүниетанымды сабақтастыру, оқыту мен тәрбиені ізгілендіру, оқыудың когнитивтік аспектілері және жеке-дара қабілеттерін ескеру ұстанымдары, оқыту технологиялары, атап айтқанда, сыни ойлау технологиясы, ойын, жобалау, сонымен қатар кейс-стади, мифа шабуыл, ұлттық құндылыққа бағдарланған тілдік, шығармашылық жаттығу-тапсырмалар, соған сәйкес мазмұнды сабақ үлгілері ұсынылған.</p>
<p>3.</p> <p>Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	
<p>4.</p> <p>Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделген. Диссертацияның өзектілігі, ең алдымен, ұлттық ойындардың оқушының тілдік тұлғасын, дүниетанымын қалыптастыруда маңызды оқу құралы болуымен, осымен байланысты ұлттық ойындардың тілдік табиғатын, этномәдени сипатын талдауымен байланысты. Ұлттық ойындар – оқушыларды әлеуметтендірудің, қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың, көпбасшылық қабілетін дамытудың негізі. Сонымен қатар жаһандану заманында ұлттық ойындардың ұлттық кодты сақтауда маңызы зор. Осы тұрғысынан зерттеушінің ғылыми негіздемесін толығымен қолдауға болады. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу арқылы оның ғылым-әдістемелік қырларын зерттеу, қазіргі жана теориялық мәліметтерді жетілдіру – мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында өте өзекті мәселе. Осымен байланысты зерттеу жұмысы ұлттық тәрбие беруде тілдік және танымдық дамуды ұштастыруға, білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға нақты үлес қоса алады, сондықтан аталған мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p>	<p>А.А. Акажанованың зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертант зерттеу тақырыбы бойынша</p>

	<p>1) айқындалды; 2) ішінара айқындалды; 3) айқындалмайды.</p>
<p>кешенді зерттеу жүргізіп, жан-жақты ғылыми талдаулар жасаған. Зерттеудің ғылыми тұжырымдары, нәтижелері мен қорытындылары тақырыпқа сәйкес дәйектелген. Қазақ тілі сабағында ұлттық ойындар арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың тіптілімдік, философиялық негіздері, педагогикалық-психологиялық тұғырлары тұжырымдалған. Оқу ойындарын оқу үрдісінде тиімді меңгертуде оқу-әдістемелік кешенін әзірлеп, тәжірибеде жүзеге асырудың ғылыми-әдіснамалық негізін дәйектеген. Зерттеу жұмысында ұлттық ойындардың зерттелу кезеңдері, ойын атауларының қалыптасуы, олардың лингвомәдени негіздері зерделенеді, оқушылардың ұлттық ойындар негізінде дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми негіздері дәйектеіп, қазақ тілін оқытуда ұлттық ойындарды пайдалану оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға негіз болатындығы ғылыми негізделеді. А. Байтұрсынұлынан бастап, Б. Төгенаев, Е.Сағымдықов, Ө. Жолымбетов, Ө. Бүркітбаев, Ә. Ақшораев, Б.Кәмелешұлы және басқа да қазақ ғалымдарының еңбектері сараланып, ұлттық ойындарына қатысты тұжырымдары негізге алынған. Сонымен қатар зерттеу жұмысының ғылыми -географиялық негіздерін айқындауда дидактикалық ойындардың ерекшеліктерін арнайы қарастырған П.И. Рычков, П.С. Паллас, Е.А. Покровский, А.Е. Алекторов, А.А. Горячкин, И.Г. Андреев, Ф.С. Ефремов, Е.Бүкин, Ө.Диваев т.б. зерттеулері басшылыққа алынған. Ұлттық ойын атауларының этнолингвистикалық мәнін ашуда М.М. Копыленко, Ө. Қайдар, Е. Жанпейісов, М. Манкеева, Ө.Ахметов, С. Сәтенова, А. Жылқыбаева, Р. Шойбеков және т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар негізге алынған. Зерттеуші ұлттық ойындардың зерттелуін жүйелеп, үш топқа бөліп қарастырады: 18-19 ғасырлардағы бағыс еуропалық саяхатшылар мен орыстың жер аударылған революционерлерінің еңбектері, 19-20 ғасырлардағы орыс ғалымдарының және 20-21 ғасырдағы отандық ғалымдардың жан-жақты зерттеулері. Сөйтіп, қазақтың ұлттық ойындарын алғаш зерттеп-зерделеген Пляно Карпини, Вильгельм Рубрук және Марко Поло, А.Гумбольдт,</p>	

		<p>А.Янушкевич сияқты тұлғалардың еңбектерінен көптеген ұлттық ойындар туралы маңызды мәліметтерді жинақтап, саралаған. Еңбегіге ұлттық ойын атауларының лингвистикалық аспектісі жан-жақты қарастырылған. Мұнда ұлттық-ойын-сауық атауларының шығу тегіні, морфемдік құрамы құрылымдық-мазмұндық тұрғыдан зерттелген. Ұлттық ойын-сауық атауларының халықтың дүниетанымы мен этномәдени, ділдік тұрғыдағы түсінігіне сәйкес ұзақ уақыт бойы бірге дамыған күрделі сөзжасамдық үдерістің нәтижесі екендігін талдаулар жасау арқылы дәлелдейді. Жұмыстың маңызды қырларының бірі – қазақ ұлттық ойындарының лингвомәдени және дүниетанымдық маңызының талдануы. Зерттеуде қазақ тілі сабағында қолданылатын ойын, жобағау, сыни тұрғыдан ойлау тәрізді инновациялық оқыту технологиялары мен жаңаша құрылған жаттығулар жүйесі, бейнебаяндар мен пікірталас, кейс-стади, жасанды интеллект құралдары қолданылған. Осы тұрғысынан диссертацияда оқыту тәжірибесінде тиімді қолданылған «Арқан тартыс», «Асқан мерген», «Асық ойнау» және т.б. көптеген ұлттық ойын түрлерінің үлгілері ұсынылады.</p> <p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеуші қазақ тілін оқыту үдерісінде ұлттық ойындарды қолдану арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік жүйесін әзірлеу және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеуді мақсат еткен. Осыған сәйкес диссертацияда қазақтың ұлттық ойындарының қалыптасуы мен зерттелуін зерделеу, дүниетанымдық, тілтанымдық аспектілерін анықтау, мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруда ұлттық ойындарды пайдаланудың философиялық, психологиялық негіздерін зерделеу, педагогикалық ұстанымдарды айқындау, ұлттық ойындардың оқушылардың зияткерлік, танымдық-шығармашылық маңызын арттырудағы рөлі мен ұлттық ойындарды пайдаланудағы тиімді әдіс-тәсілдер мен оқыту технологияларының түрлерін айқындауға болауындығын эксперимент арқылы дәйектеп, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) <u>ішінара сәйкес келеді;</u></p> <p>3) <u>сәйкес келмейді.</u></p>		

		<p>тұжырымдаған. Зерттеуші мақсат-міндеттеріне толық қол жеткізген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Зерттеу жұмысының тармақтары мен құрылымдық жағы логикалық тұрғыдан бір-бірімен тығыз байланысты. Зерттеу үш бөлімнен тұрады:</p> <p>1. Қазақ ұлттық ойындарының тілтанымдық негіздері. Бұл бөлім ұлттық ойындардың қалыптасуы мен зерттеу кезеңдерін және ұлттық ойын атауларының лингвистикалық сипаты мен ұлттық ойындарының лингвомәдени және дүниетанымдық негіздерін анықтап-айқындауға арналған.</p> <p>2. Ұлттық ойындар арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың әдіснамалық негіздері. Мұнда оқушылардың дүниетанымын ұлттық ойындар арқылы қалыптастырудың философиялық мәні мен психологиялық, педагогикалық негіздері айқындалып, әдістемелік стратегиялары талданады.</p> <p>3. Ұлттық ойындар арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру әдістемесі. Қазақ тілі сабағында ұлттық ойындарды пайдалануда қолданылатын инновациялық технологиялар, ұлттық ойындар арқылы дүниетанымды қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесі, оқушының дүниетанымын қалыптастыру бойынша эксперимент нәтижелері ұсынылады. Әдістемелік жүйенің тәжірибеде тиімділігі дәлелденген. Зерттеушінің ғылыми талдаулары мен алынған қорытынды-нәтижелері бір-бірімен сабақтасып, логикалық біртұтастықта баяндалған. Еңбектің мазмұндық-құрылымдық жүйесі, ғылыми негіздеу деңгейі, қорытынды тұжырымдары диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарды қанағаттандырады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа</p>	<p>Зерттеудің идеясы ұлттық ойындар арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін ұсыну арқылы бәсекеге қабілетті тұнғаның рухани жетілу динамикасын дамыту болса, нысаны ретінде қазақтың ұлттық ойындары арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру болып нақтыланған. Еңбектегі ұсынылған жаңа теориялық тұжырымдар мен шешімдер, қағидағтар мен тиімді әдістер, оқыту технологиялары</p>

	<p>авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) тағдау жоқ.</p>	<p>жан-жақты дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сыни талдаулар бар. Зерттеушінің сыни талдаулары, өзіндік ой-пікірлері жеткілікті. Диссертанттың ғылыми негізделген сыни талдаулары мен қорытындылары, тұжырымдары жұмыстың құндылығын мен маныздылығын арттырады. Оларды жоғары бағалауға болады. Ойындар арқылы ұлттық мәдени құндылықтарды меңгеруде оқушылардың қатысымдық-танымдық қабілеттерін дамытып, дүниетанымдық ой-өрісін кеңейтіп, көзқарастары мен сенімін жетілдіруге, сөйтіп, тілдік тұлғаны қалыптастыруға негіз болатын оқу-әдістемелік кешенінің тиімділігі қазақ тілін оқыту барысында тәжірибелер арқылы дәлелденген.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	<p>Зерттеу жұмысында жаңашылдық қағидағтары сақталған. Ғылыми нәтижелері мен қағидағтары толығымен жаңа болып табылады. Осы кезеңге дейін қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында мектеп білім алушыларының дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық-әдістемелік негіздерін ұлттық ойындарды пайдалану арқылы жүзеге асыру мәселесі арнайы зерттеу нысаны болмады. Осы тұрғысынан алғанда, зерттеу жұмысы мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша алғашқы еңбек деп бағаланады. Зерттеудің жаңашылдық сипаты ұлттық ойын атауларының қалыптасуы мен зерттеуінен және олардың біртұтас ұғымдарды білдіретін дайын лексемалар ретінде қызмет атқаратындығы тілдік бірліктермен дәлелденуінен, ұлттық дүниетанымды қалыптастырудың тиімді құралы екендігін әдіснамалық ғылыми негіздеулерінен, б-сыныпта «Қазақ тілі» пәніне берілетін білім мазмұнына ұлттық рухани құндылықтарды танытатын дидактикалық ойындарды оқу үдерісінде тиімді пайдалану әдістемесіне талдаулар жасалуынан, тиімді оқыту технологиялары мен жаңаша оқу формалары арқылы танытудың әдістемелік жүйесінің ұсынылуынан көрініс табады.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеуде ұлттық ойындар арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудағы негіз болатын танымдық, дидактикалық қағидағтарының мазмұны, олардың оқу үдерісінде</p>

	<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>жүзеге асуы мен оқу ойындарының оқушылардың білім, дара ерекшеліктеріне қарай іріктеліп, оқу үрдісінде оңтайлы жүзеге асуының технологиялары мен оқыту әдістері ұсынылған. Сондай-ақ сабақтың саналуан түрлері, эмпирикалық деректерді жинақтау, деректерді талдау және жүйелеу, теориялық тұжырымдардың шынайылығын тексеру, салыстыру және жобалау әдісі, модельдеу, индуктивті-дедуктивті талдау кезеңдері анықталып, көшенді әдістемелік жаңа жүйесі ұсынылады. Зерттеу қорытындыларын жұмыстың нәтижесі ретінде жоғары бағалауға болады.</p> <p>Ғылыми еңбектің техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа әрі ғылыми негізделген. Зерттеу әдісі ғылыми-әдіснамалық тұжырымдар мектеп оқушыларының ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға негіз болатын ғылыми-әдістемелік теорияларға қатысты еңбектері негізделген. Зерттеуші тақырыбына қатысты кәсіптік мәселелерді жан-жақты талдап, бастапқы көздеген мақсатына жеткен.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дәйірлік бағыттары үшін).</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда, ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертацияның қорытындылары, ғылыми деректері философия, педагогика, психология, тіл білімінің жаңа бағыттары, білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту әдістемесі салалары бойынша белгілі ғылымдардың зерттеулеріне, ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Оған диссертанттың зерттеу барысында алынған тұжырымдамалары дәлел болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұлттық ойын атауларының қалыптасуын, әлеуметтік мәнін, мазмұнын ұғыну, ажырата білу оқушының ұлттық мәдени құндылықтарға қатысты дүниетанымын кеңейтеді; - қазақ халқының өзіндік мәдени ерекшелігін, рухани-моральдық құндылықтарын байқататын ұлттық ойын атауларының ұлт жалында сақталуы үшін, білім алушылардың зердесіне салып отыру олардың дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді; <p>Ойын-сауық атауларының теориялық тұрғыдан</p>

		<p>этнолингвистикалық және этномәдени, дүниетанымдық негіздері бар және олар ұлттық дүниетанымды қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады;</p> <p>- оқытудың дидактикалық қағидағары мен қолданылған әдіс-тәсілдер, жаттығулар жүйесі ұлттық ойындардың табиғатын тануға, мәні мен мағынасын анықтауға ықпал етіп, білім алушының дүниетанымын кеңейтеді;</p> <p>- жүргізілген эксперимент нәтижелері 6-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнына ұлттық құндылықтарды танытатын ұлттық ойындарды сабақ үдерісінде енгізу білім алушы дүниетанымын қалыптастыруда маңыздылығын көрсетті;</p> <p>- эксперимент нәтижелері ұлттық ойындарды жалпы білім беретін мектептерде оқытудың тиімділігін дәлелдеді.</p>
<p>7.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) <u>шамамен дәлелденді</u>;</p> <p>3) <u>шамамен дәлелденбеді</u>;</p> <p>4) <u>дәлелденбеді</u>;</p> <p>5) <u>бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</u></p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) <u>бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</u></p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) <u>бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес.</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>тар</u>;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p>	<p>7.1 Зерттеу жұмысында басты қағидағтар толық дәлелденген. Бұл қағидағтар жұмыстың әр бөліміндегі нәтижелерінен туындаған.</p> <p>7.2 Диссертациядағы дәлелдер мен ғылыми шешімдер тривиалды емес.</p> <p>7.3 Көрсетілген қағидағтар жаңа. Аталған саға бойынша осыған дейін бұл мәселе арнайы қарастырылған емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен.</p> <p>7.5 Зерттеу барысында 10 ғылыми мақала жарияланып, нәтижелерінің тиімділігі тәжірибеден өтіп, дәлелденген.</p> <p>Оның ішінде: Scopus мәліметтер қорындағы басылымдарда – 1, ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 6, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында 3 мақала жарық көрген. Барлық жарияланымдар зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес келеді.</p>

	<p>3) кен 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
<p>8. Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Иә. Зерттеу жұмысының әдіснамасы негізделген. Ұсынылған дереккөздер тақырыпты зерттеуге сәйкес келеді, ақпараттың дәйектілігі – шынайы. Мектепте оқушыларға ұлттық ойындарды меңгерту арқылы дүниетанымын қалыптастырудың жаңа әдістемелік кешені әзірленіп, іс жүзінде тиімділігі дәлелденген.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша</p>	<p>Иә. Қорғауға ұсынылған диссертациядағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу нәтижелерін жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілі пәнін оқытуды жетілдіруде кенінен қолдануға болады. Әдістемелік жүйе эксперимент негізінде сынақтан</p>

	<p>дәрірлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.4 Мамандық мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>.</p>	<p>өткізілген, тиімділігі дәлелденген. Эксперименттік жұмыс Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№83 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Ж. Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясында өткен. Экспериментке 218 білім алушы қатысқан.</p> <p>Диссертациядағы мамандық мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Дереккөздер еш күмән тудырмайды.</p> <p>Диссертациядағы пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеу жұмысы тақырыпқа сәйкес отандық және шетелдік ғылыми-әдістемелік әдебиетті қамтиды және нақты, сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Зерттеу бойынша қолданылған әдебиет саны – 161.</p>
<p>9</p> <p>Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Иә. Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу нәтижелері ұлттық ойын атауларының тілдік, этнолингвистикалық, этномәдениеттанымдық аспектілері туралы теорияны тереңдетеді. Ғылыми тұжырымдары қазақ халқының ойындарының ұлттық-танымдық маңызы қырларын анықтауға негіз болады. Ойын-сауық атауларының сынарлары тіл біліміндегі ономиологиялық, номинативтік теорияға сәйкес дайын лексемалар ретінде қызмет атқаратындығы ойын атауларын жан-жақты талдау арқылы дәлелденеді.</p> <p>Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысынан алынған нәтижелерді жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілі пәнін оқытудың сапасын арттыруда, қазақ тілі мамандарын даярлауда кеңінен қолдануға болады. Орта мектепте оқушылардың дүниетанымына сай келетін ұлттық ойындарды іріктеу, қолдану тұрғысындағы шығармашылық ізденіс нәтижелерін оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеуде үлгі ретінде пайдалануға болады.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма?</p> <p>1) <u>толығымен жана</u>;</p> <p>2) <u>ішінара жана (25-75% жана)</u>;</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы практикалық ұсыныстар толығымен жана болып табылады. Зерттеушінің философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған докторлық диссертациясы барлық талаптарға</p>

		сәйкес келеді, аяқталған ғылыми еңбек.
10. Жазу және ресімдеу сапасы	3) жаңа емес (жаңасыз 25%-дан кем). Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Зерттеушінің академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптар толығымен орындалған. Емле, тыныс белгілері бойынша кателер кездеспейді, техникалық талаптар сақталған.
11. Диссертацияға ескертулер		1. Ғылыми жұмыста дәйексөздері келтірілген авторлардың еңбектерінің орысша атаулары жақша ішінде қазақша аудармасымен көрсетілсе, орынды болар деп есептейміз; 2. Кейбір дәйексөздер еңбекте аудармасыз берілген (28, 37, 87, 139-беттер). Тілдік бірізділікті сақтау үшін қазақша аудармасын беру ұсынылады; Көрсетілген ескертулер диссертациялық зерттеудің ғылыми құндылығын төмендетпейді, кеңес ретінде ұсынылады.
12. Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Scopus мәліметтер базасындағы 1 кuartильге жаталын импакт-факторы жоғары журналда – 1 мақала: 1. А.Ақжанова, S.Nurgali, M.Alibayeva, N.Shadiyeva, R.Yelubayeva.// Орсиоп. – 2019. Айы 35, No.89 - P. 640-659 ISSN 1012-1587/ISSN: 2477-9385 Мақалада ұлттық ойындарды білім беру үдерісінде тиімді қолдану жолдары мен әдіс-тәсілдері баяндалған. ҚР ҒҖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басшылар тізбесіне енетін журналдарда 3 мақала жарияланған: 1. Ақжанова А.А. Табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойын атаулары. //С.Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршысы. – 2018. № 3, 9-17 бб. Мақалада қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік және танымдық маңызы қарастырылды. Ұлттық ойындар адамның дене күшін, шапшаңдығын, дәлдігін дамытумен қатар, ақыл-ойының жетілуіне де ықпал ететіні көрсетілгені. 2. Ақжанова А.А. Асық ойын атаулары және оның этномәдени сипаты. //С.Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршысы. – 2018. № 3, – 18-27 бб. Бұл Мақалада қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік және дамытушылық маңызы қарастырылды. 3. Ақжанова А.А., Смағұлова Г.Н. Қазақ құндылықтары: ұлттық

		<p>ойындары. //Қазак білім академиясының баяндамалары –2019. – №1. – 192-200 бб. Мақалада жеке тулғанын бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ұлттық тәрбие, ұлттық ойындар, ұлттық өнер және салт-дәстүрдің маңызды рөл атқаратыны тұлжырымдалады.</p> <p>4. Акажанова А.А., Рахимова А.М. Ойын – дүниетаным қалыптастыру құралы. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы – 2019. № 2. – 111-116 бб. Мақалада ойын арқылы балаларға халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын үйретудің маңызы баяндалады.</p> <p>5. Акажанова А.А., Рахимова А.М. Қазак және баска ұлттардағы балалар ойындары. //Қазакстанның ғылымы мен өмірі: халықаралық ғылыми журнал. – 2020. № 6. – 200-204 бб. Мақалада әр халықтың ұлттық мәдениеті тіл, салт-дәстүр, өнер, фольклор және ұлттық ойындар арқылы қалыптасатыны дәйектелген.</p> <p>6. Акажанова А.А., Рахимова А.М. Ұлттық ойындар арқылы оқушының дүниетанымын дамытудың педагогикалық шарттары. //Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, №4(74), 2020, 345-349 бб. Мақалада ұлттық ойындар арқылы оқушылардың дүниетанымын дамытудың педагогикалық шарттары қарастырылған.</p> <p>Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 3 мақала жарияланған:</p> <p>1. А.Акажанова, А.Рахимова, К.Смағұлова. //Сборник материалов международной научной конференции «Вызовы современной гуманистики: транскультуральность и транслитивальность». Лингвистическо-технический университет, 25 мая 2019. – С. 202-217</p> <p>Мақалада казактың ұлттық спорт түрлері мен ойын атауларының пайда болу себептері ономаσιологиялық тұрғыдан зерттелген.</p> <p>2. Акажанова А.А., Смағұлова Г.Н., Рахимова А.М. Ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту жолы. //Материалы VI Международной научной-практической конференции «Наука и</p>
--	--	--

